

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Постструктурализм





Постструктурализмге кіріспе

Мақсаты: тыңдармандарға қазіргі әдебиеттану ғылымының күрделі саласының бірі болып саналатын постструктурализмнің басты идеяларымен таныстыру.

Кілт сөздер: структурализм, постструктурализм, мәтін, мәдениет, адам, тіл, қоғам, белгі, сана.

Біз бесінші дәрісімізде структурализмнің негізгі тұжырымдарын саралаған болатынбыз. Бүгінгі дәрісіміздің атауынынан-ақ постструктурализмнің структурализммен қатысы бар екеніне біліп отырған боларсыздар. Иә, тап солай! Постструктурализм дегеніміздің өзі «структурализмнен кейінгі» деген мағынаны білдіреді. Жалпы, структурализм өзінің даму жолында бірнеше эволюциялық сатылардан өтті. Бастапқыда Фердинанд де Соссюр негіздеген құрылымдық лингвистикада пайда болған структурализм кейіннен философия ғылымында да үлкен ықпалға ие болды. Ал структурализм даму барысында постструктурализм және семиотика сынды ғылыми пәндерге бөлініп кетті.

Постструктурализм ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарында Францияда қалыптасты. Оның іргесін қалаған ғалымдар ретінде француздың Ж. Лиотар, Ж. Делез, Ж. Деррида сынды философтарының есімдері аталады. Францияда бастау алғанымен кейіннен тұтас Батыстың мәдени-рухани әлеміне кеңінен таралып кетті әрі Американың әдебиетіне ерекше ықпал жасады. Постструктурализм өзіне дейінгі структурализмнің басты тұжырымдарын сын тезіне алып, оның шектеулерінен арылуға бағытталған ағым ретінде белгілі. «Постструктурализмнің негізгі жетістігі – репрезентативтіктен гөрі нобайшылық феномен болып табылатын Соссюрдің тіл теориясындағы радикал талдаушылық мүмкіндіктерді қайтадан ашып кеңейтуі. Постструктурализм жақтастарының пікірі бойынша, лингвистер зерттеулерінің негізі болып келген Соссюрдің ғылыми еңбектерінде, Леви-Стросстың және басқа да структуралистердің жұмыстарында баяндалған ондай мүмкіндіктер ұзақ уақыт бойы оншалық түсінікті болмай келді. Неғұрлым нақты айтқанда, бұл бағыттың жетістігі – Соссюрдің «тіл дегеніміз – тәуелсіз дербес әлеуметтік өлшем деген табанды талабын қолдану жөніндегі мүмкіндіктерді қайталап ашу». Әдебиеттану ғылымында жоғарыда аттары аталған философтармен бірге Ф. Гваттари, Р. Жирар, М. Фуко, Ж. Лакан, Р. Барт, Ю. Кристева сынды көрнекті ғалымдардың есімдері постструктурализмнің негізгі өкілдері деп саналады.

Философияда қашанда екі дәстүр болған. Біріншісі әмбебап әрі мәңгілік шындықтардың бар екенін растайды. Олар физикалық және тарихи әлемнен тыс жатады әрі трансцендентті болып саналады. Ал екінші мектептің жөні бөлектеу. Ол мына әлемді физикалық әрі тарихи деп санайды. Сондай-ақ біз кез болған шындық атаулының бәрі де әрі тарихи, әрі физикалық әлемге тиесілі деп санайды. Онда рух пен идеалдың трансцендентті саласы жоқ. Көбінесе дінмен байланыстырылатын бірінші дәстүр әлеуметтік тәртіптің идеалдарын бекіту үшін философияны қолдануға қызығушылық танытқан адамдарға билікке деген жоғары сұранысты қамтамасыз етеді. Екіншіден, дінге қарағанда ғылымға жақын әрі прогрессивті өзгерістердің идеалына ықпал ете алады.

Аталған екі позиция арасында таластар болмай тұрмайтын. Ал 1967 жылы Жак Деррида деген француз философы өзінің «Жазу және өзгешелік», «Грамматология» және «Сөз бен феномен» деп аталатын үш кітабы арқылы екінші позицияның талаптарын ғылыми негізде растағаннан кейін бұл дау тіпті де ушыға түсті. Ол Эдмунд Гуссерльдің феноменологиясындағы және Леви-Стросстың структурализміндегі іргелі әрі абсолютті ұстанымдар қате деп санады. Гуссерль барлық шындық геометрия секілді дейді: санада идеал үшбұрыш елестетуге болады. Ол уақыт пен орыннан тыс идеал, яғни трансцендентті салада болады. Гуссерль мұндай шындықты әмбебап және абсолютті деп есептейді. Ал антрополог Леви-Стросс болса адам мәдениетінің негізгі әмбебап құрылымдарын тапқанын айтады.

Мұны түсіну үшін өзіңіздің санаңыздың қалай жұмыс істейтіндігі туралы ойланып көріңіз. Күнделікті өмірде біз тоқтаусыз ағын секілді дүниелерге көп кезігеміз. Уақыт пен кеңістікте орналасқан үздіксіз сана ағысына тап боламыз. Бұл көптеген жолдармен шектелген. Сіз тек бір ғана тарихи сәтті сезінесіз әрі ол өте шектеулі кеңістік болады. Сіз әр уақытта және барлық



жерде не болып жатқанын білген күйде мұндай әмбебаптыққа жете алмайсыз. Дегенмен қайта ой жүгіртіп көріңізші. Сіздің санаңыз абстрактілі ойлау мүмкіндігіне ие.

Адамдар көп нәрсетіндірмейді. Бірақ уақытының көп бөлігін жұмыспен өткізеді. Сонымен бірге жұмыстың көп бөлігі басқалардың күш-қуаты арқылы пайдаға кенелетін инвесторлар, ірі кәсіпкерлер мен компания басшылары секілді халықтың азғантай бөлігіне ғана байлық пен дүние әкеледі. Сонда мына қоғам үлкен пирамидаға ұқсауы мүмкін. Оның басында жоғарыда аталған адамдар отырса, төменгі жағында өз ісіне қанағаттанбайтын еңбек адамдары болуы мүмкін. Пирамида – геометриялық үшбұрыш сияқты абстракция. Сіз осы геометриялық үшбұрыш негізінде ойланасыз. Шындап келгенде, мына әлемде идеалды үшбұрыш жоқ. Бірақ сіз санаңызда абстрактілі түрде идеал дүниелер туралы ойлай аласыз. Сіз бұған дейінгі өзіңіз куә болған дүниелерден ментальді абстракция жасай аласыз және осы абстрактілі модель бүкіл әлемдегі қоғамдарға қолданылуы мүмкін. Енді сіз Гуссерль мен Леви-Стросстың тұжырымдарындағы әмбебап болуы мүмкін шындыққа бір табан жақындайсыз. Қоғамның бәрі – пирамидалар. Сіздің өз әмбебап идеяларыңыз бен әмбебап структураларыңыз бар. Дегенмен орындар мен адамдардың немесе уақыттық сәттердің арасында даулы айырмашылықтар да жоқ емес. Осыдан екі жүз жыл бұрын пирамидалар мүлдем өзгеше болғаны ақиқат. Сондай-ақ екі жүз жыл өткен соң тағы басқаша болатыны заңдылық. Оның ережелері бәріне бірдей болса да, жаңа топтар оның ұшына шығады. Ал пирамиданың құрылымы әлем бойынша өзгереді. Тіпті іргетасы тым берік болса да. Егер мұны зерттей бастасаңыз, өзіңіздің әртүрлі ұсақталған бөлшектерге айналғаныңызды көрер едіңіз. Сізге уақыт пен кеңістіктегі нақты орынды бастапқы нүкте ретінде қабылдайтын шындықтың әмбебап моделі мен дифференциалды модельдің бірін таңдауға тура келеді. Егер әмбебап позицияны таңдасаңыз, дифференциалды бөлшектерден айырыласыз. Ал енді дифференциалды бөлшектерді артық көрсеңіз, онда өзіңіздің толысқан абстракцияңызды, идеалдарыңыз бен әмбебап қолданылатын моделіңізді жоғалтасыз. Қандай да бір ерекшелігі болса да, сіз осындай идеал модельдің мінсіз әрі шынайы болуы мүмкін екеніне көз жеткіздіңіз. Бұл қай тұрғыдан алып қарағанда да толықтай абстрактілі болуға тиіс. Модель ретінде ойлаған сіздің пирамидаңыз Қытайдағымен немесе Финляндиядағымен салыстырғанда өзгеше болуы мүмкін.

Гуссерль аталмыш мәселені шештім деп ойлады. Ол әлемнен адам санасынан бастау алатынын растады. Ал мұны феноменология деп атады. Өйткені ол санадағы әлем туралы түсініктер туралы зерделейді. Сондай-ақ, трансцендеттік болып саналатын санаңыздағы мінсіз үшбұрыш тәрізді дүниелер табуыңыз мүмкін дейді. Әдепкі санаңыз бұған дейінгі болған оқиғалар мен тап қазіргі болып жатқан процестерге және айналыңыздағы араласып жүрген адамдарға белгілі бір деңгейде тәуелді болады.

Соссюрдің тілдің әр бөлшегі бір-бірінен өзгешеленеді әрі өзара байланыста болады деген тұжырымын еске алыңыз. Оның даралығы өзіне ұқсамайтын дүниеге байланысты. Деррида Соссюрдің тұжырымдарын одан әрі дамытты әрі әмбебап білімнің нышаны байқалатын уақыт пен кеңістіктен тыс трансцендетті орын онсыз да тағы басқа орындардың арасындағы бір орын және басқа сәттердегі бір сәт болып саналады. Сіз ешқашан уақыт пен кеңістіктің аясынан шығып кете алмайсыз.

Бұл тарихи уақыт пен физикалық кеңістіктегі сана ағысының тәжірибесіне басымдық берген екінші позицияны қатты сынға алған талап болды. Шындығында, Деррида Гуссерльдің тұжырымдарын теріс айналдырды. Егер Гуссерль бұл ағынның әрдайым таза ақыл-ой кеңістігінде барынша шынайы ақиқатқа айналатынын айтса, Деррида барлық абсолюттік шындық пен таза психикалық жағдайлардың бәрі де кеңістіктік уақыт ағынының бөлшектері ғана болып саналатынын айтады. Айта кету керек, бірінші позицияны абсолютті әрі әмбебап шындық деп санап жүргендерді аталмыш аргумент қатты састырып, үлкен дүрбелең туғызды. Кітапханалардан бұл туралы сіз «постмодернизм» деген бөлімнен таба аласыз.

Дерриданың ең қызықты ғылыми ұмтылыстарының бірі оның ерекшелік тек тілмен ғана емес, тұтас шындық атаулымен, біздің ойлау жүйеміздегі үдерістерден бастап жалпы әлемге тән екендігін болжауы еді. Соссюр ерекшелік тілді функциялауға жол ашатын принцип деп таныды. Сөздердің дыбыстары оны басқа сөздерден ерекшелендіріп тұрады және өзіне ғана тән даралық сипатын дарытады. Мысалы, «нан» деген сөзді «ән» деген сөзбен шатастырмай-



мыз ғой. Егер әлемге, сондай-ақ біздің санамызға да дәл осы секілді қарайтын болсақ, онда абсолютті шындыққа жету біршама қиын болар еді.

Батыс философиясының дәстүрін ескере отырып, Деррида ерекшеліктің даралықты бұзатынын білетін ойшылдардың көптеген мысалдарын тапты, бірақ басқалары абсолютті шындыққа жету үшін айырмашылықтардан бас тартуға мүдделі болды. Соңғы топтағы ойшылдармен бірге «деконструкция» деп аталатын әдісті ойлап тапты әрі трансцендентті шындықты іздейтін философия үшін «метафизика» терминін қолданды.

Жалпы, Деррида негіздеген постструктурализм өз бастауын структурализмнен алса да, тіл мен қоғам туралы тұжырымдарды қайта қарауды және өзгеше баға беруді алға тартты. Дәстүрлі философиялық және лингвистиканың теориялық әдістерін түбегейлі қайта қарау барысында олар басқа негізгі әлеуметтік теорияларға, негізінен марксизмге күмән келтіреді. Жалпы, постструктурализм әдебиеттану тұрғысынан алып қарағанда төрт бағытта дамыды деуге болады: құрылымдық, таңбалық, коммуникативтілік және субъектілік біртұтастық.

Біріншіден, постструктурализм мәтіндік мәселелерді назарда ұстады. Постструктуралистер үшін мәдениет дегеніміздің өзі мәтіндердің өзара үйлесім табуы. Деррида лингвистикадағы жазбаша мәтіннен бұрын дыбыстық сөйлеудің алдымен назарға алынатынын қабылдамайды. Ол мұның бәрін бұған дейінгі философиялық тұжырымдарға сай деп таниды («логостың» біріншілігі заң мен сөз ретінде де). Деррида тілдік белгілерге арқау болатын материалдың «іздері» ретінде жазудың басымдылығы идеясын алға тартты. Фердинанд де Соссюрдің жазбаша мәтіннен ауызша сөзді үстем қоюға тырысқанын айта келіп, Деррида оған қарсы шығып, жазбаша мәтін ауызша сөзден кемшін болмауы тиіс деген тұжырымын бекітеді. Оның ойынша, аталған екі түрлі сөз формасы да мәтін ретінде қабылдануы керек. Әсіресе мәтіннің шешендік қырларына ерекше басымдық берген дұрыс. Сонымен бірге, оқырманға да «мән беруші, мән үстеуші» бола алу мүмкіндігі берілуі керек. Ал бұл дәстүрлі жүйедегі авторға берілетін құқықпен бірдей. Тіпті кейде автордың өзі аша алмаған кейбір астарлы мәнді оқырман ашуға құқылы болмақ. Деррида деконструкцияның принциптерін ұстанды. Кез келген мәтін бұған дейінгі жазылған мәтіннің негізінде туындайды, бұрыннан бар мәтіндердің негізінде жазылады. Осылайша мәдениет шексіз әрі есепсіз мәтіндер ретінде пайда болады. Мәтіннің автордікінен бөлек өзіндік мағынасы мен тәуелсіз мәні болады. Сонымен бірге автордың өзі белгісіз бір өткен шақтың тұңғығына батып кетеді. Р. Барт осы мәселеге қатысты өз ойларын айта келіп, «автордың өлімі» деген ұғымды енгізді. Мәтіннің өзі аса маңызды, ал автор тіпті елеусіз ғана қалуы мүмкін. Ол өзінің міндетін атқарды, ұзақ уақыт бойы интерпретация жасау үшін материалды дүниеге әкелді. Ал мәтін интерпретациясы дегеніміз – ең алдымен мәтінге тікелей қатысы жоқ дүниелердің сырына үңіліп, мәнін ашу. Ол метафизиканы дәл осы деконструкция арқылы, яғни мәтіндегі жүйеден тыс, өзіне тікелей қатысы жоқ элементтердің мән-маңызын ашу арқылы жеңуге болады деп есептеді. Бұл өз кезегінде логоорталықтық дәстүрді сынау болып саналады. Мәтінді қаз-қалпында түсіну немесе түсіндіру мүмкін емес екенін алға тартқан постструктуралистер көркем әдеби туындыларды талдау нысанына алған кезде барынша мағынасы екіұшты, түсініксіз әрі ауыспалы сөздері көп шығармаларды алға шығарады. Мысалы, Джойстың шығармаларын осындай типтегі әдебиетке қосуға әбден негіз бар. Дерриданың пікірінше, «түсіндірілмейтін мағына» ұғымы кез келген мәтіннің өзіндік ерекшелігі болып саналады. Ал бұл ұғым мәтіндегі ұйымдастырушылық әрі ұйытқы болушылық қызметін атқарып тұрады екен.

Екіншіден, постструктурализмге тән ерекшеліктердің бірі – негативизм. Адам, ақыл, философия, ғылым, прогресс, мәдениет – жалпы бұрын белгілі әрі сенімді деп саналғандардың бәрі де ендігі кезекте тұрақсыз әрі белгісіз деп есептелінді. Бәрі таным мен практикалық әрекетке арқа сүйей алмайтын, бірақ түсінуге, түсіндіруге болатын сөздер мен мәтіндерге айналады. Осы тұрғыдан алғанда, мына әлемнің өзі мәдениеттің идеологиялық жазба түріндегі мәтіндер жинағы болып шығады. Адамның санасы да мәтіндер жиынтығы. Өз кезегінде біз әлемді санамыз арқылы қабылдайтын болсақ, осы әлемнің өз шегі мен шеті жоқ мәтіндер болпы саналады екен. Постструктуралистер осыған дейінгі ақиқат шындық ретінде қабылданатын күллі түсініктерге қарсы шығып, оның бәріне қайта баға беру мәселесін көтерді.

Үшіншіден, постструктурализмде мәдени өмір мен санадағы «прогресс» түсінігі жойылады. Прогресс ұғымы «ризом» деген терминмен бейнеленіп айтылатын өсу немесе «таралу»



түсініктерімен ауыстырылады. Ризома дегеніміз – белгілі бір басым бағыттары мен тұрақтылығы жоқ ретсіз әрі жүйесіз таралулар. Дәл осылайша ризома өзінің тұрақтылық, синхрондық, реттілік пен жүйеліліктен бас тартар қасиетімен заманауи мәдениетке қызмет етеді.

Төртіншіден, постструктурализмде структурализмге тән оппозициялар арқылы ойлау тәсілі қабылданбауы тиіс. Көбінесе мәдениеттегі элиталық және массалық, жоғарғы және төменгі қарама-қайшылықтар келмеске кетеді. Мәдениеттегі әртүрлі деңгейлер мен формалардың арасындағы нақты шекаралар жойылады. Қазіргі мәдениеттегі «орталық – периферия» деп аталатын Батыс дәстүрінің үстемдігін танытатын оппозициясы да өз күшінен айырылмақ.

Бесіншіден, ескі стильдерге еліктеу, өткенге оралу және кеңістіктік және уақыттық шекаралардың өшуі постструктурализмге тән ерекшеліктер болып табылады.

Жалпы айтқанда, постструктурализмнің басты идеялары бүгінгі дәрісімізде қамтылды деуге негіз бар. Дегенмен оның бәрін егжей-тегжейлі тарата алдық дей алмаймыз. Ол үшін философия ғылымы мен заманауи әдебиеттану ғылымының жетістіктерін сарапқа салған абзал. Алдағы дәрісімізде де ғылымдардың интеграциялық тоғысында туған кезекті ғылыми пән туралы сөз етпекпіз. Ол – психоанализ тақырыбы.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Структурализм мен постструктурализмнің басты айырмашылықтары туралы баяндап беріңіздер.
2. Гуссерль мен Дерриданың мына әлем туралы түсінігі қандай? Олардың идеяларындағы ұқсастықтар туралы не білесіз?
3. Қазіргі постструктуралистерден кімді танысыз? Олардың ғылыми тұжырымдарының Дерриданың көзқарасынан қандай ерекшелігі бар?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Исмағамбетова З.Н. XX ғасырдағы Батыс мәдениеті философиясы: оқу құралы / З.Н. Исмағамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 б.
2. Канке, Виктор Андреевич. Основные философские направления и концепции науки. Итоги XX столетия: Учеб. пособие / Канке, Виктор Андреевич. – М.: Логос, 2000. – 320 с.
3. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.